

№ X00056 11.04.2024 ж

Көктем келді. Жазғытұры

КОДАРОВА ШОЛПАН КАЛИЕВНА

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы

"Ахмет Байтұрсынұлы атындағы


№28 жалпы білім беретін мектеп" КММ

бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:	Әдебиеттік оқу Алматы кітап			
Бөлім:	Қоршаған орта			
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып: 2	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:	№79 сабақ. Көктем келді. Жазғытұры			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.3.2.1*- мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру			
Сабақтың мақсаты	мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру тірек сөздерді пайдаланып ойын жеткізу өлеңнен қажетті ақпаратты тауып оқу.			
Құндылықтар	Талап: қоршаған орта тазалығын сақтайды			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылардың назарын сабаққа аудару Психологиялық ахуал жасау.	Оқушылардың назарын сабаққа аудару Үй тапсырмасын	ҚБ: «Сиқырлы пенал» Дескриптор: Үй	

	Үй тапсырмасын тексеру 3 тоқсанда өткенді қайталау.	Оқиды	тапсырмасы н айтады-1б	
Сабақтың ортасы 25мин	Жаңасабақ ФС тапсырмасы 1-тапсырма Әрбір сөйлемге Не істеді? Қайтті? Деген сұраққа жауап беретін сөзді қосып оқы. Алақай,көктем келді! Өзендерде мұз еріді. Су ақты. Жылы жақтан құстар ұшып келді. Құстар ұя салды. Төрт түлік төлдеді. Ауыл адамдары жер жыртып,егін еге бестады.  Абай Құнанбайұлы - ұлы ақын. Қазіргі Абай облысының Шығыстау жерінде дүниеге келген. Ақынның өлеңдері мен қара сөздері дүниетанының көптеген тілінде жарық көрі. (1845 - 1904) 2-тапсырма Жазғытұры Жазғытұры калмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі. Жан-жануар, адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер күннің көзі. Түйе боздап, қой қоздап	Сөйлемдегі сөздерді табады Өлеңді оқиды Мәнерлеп оқиды	Дескриптор: Сұраққа жауап беретін сөздерді табады-1б, Сөйлемді оқиды-1б  Дескриптор: Өлеңді түсініп оқиды-1б Тізбектей, мәнерлеп оқиды-1б	Ақын портреті Оқулық Сөздік жазылған қағаз

	- қора да шу, Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду. Гүл мен ағаш майысып қарағанда, Сыбдыр қағып, бұраңцап ағады су. Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар, Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар. Жыршы құстар әуеде өлең айтып, Қиқу салар көлдегі қаз бен құлар.  3-тапсырма ЕҚБ тапсырма «ойна да,ойла» айдары Көктемнің келуіне кімдер,нелер қуанды? Ақын Күннің жылуын кімге теңеген? 4-тапсырма ЕБҚ Өлеңнен көбелек пен гүл сипатталған шумақты тауып оқы. 5-тапсырма Жыл мезгілдерін сай келетін түспен боя. Ойыңды ортаға сал.	Сұраққа жауап береді Өлеңнен керекті шумақты табады Тапсырманы орын дайды	 Дескриптор: Сұраққа жауап береді-1б Дескриптор: Өлеңнен керекті шумақты табады-1б Дескриптор: Жыл мезгілдерін бояйды-1б Ойын айтады-1б	Кесте
--	---	--	---	--------------

				
Сабақтың соңы 10 мин	Бекіту. 6-тапсырма Көктемнің келгеніне жан-жануар мен адамзат неліктен қуанады? Үй тапсырмасы «Жазғытұры» өлеңіндегі табиғатты сурет арқылы бейнеле. Өлеңді жаттап ал. Кері байланыс 	Сұраққа жауап береді Үй тапсырмасын алады Кері байланыс жасайды	ҚБ: «Сиқырлы пенал» Дескриптор: Сұраққа жауап береді-1б «смс» әдісі арқылы кері байланыс жасайды	Суреттер Кері байланыс парақтары

№ X00059 11.04.2024 ж

Заттың атын білдіретін сөздер

КАМАЛОВА МАРЖАН КОБЕНОВНА

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы
“ЖАЙСАН БАЛА-2” мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалім*

Бөлім	Сөз және оның мағынасы			
Пәні:	Ана тілі			
Күні:	11.04.23ж			
Педагогтің аты-жөні:	Камалова М.К			
Сынып:1 «Ә»	Қатысқандар саны:		Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Бір минут Заттың атын білдіретін сөздер			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқытума қсаттары	1.2.1.2 оқу түрлерін (тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.4.2.1* заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану 1.3.6.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғары және төмен сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу			
Сабақтың мақсаты	Заттың атын білдіретін сөздерді ажырату Әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (3мин)	Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал орнату. Қол ұстасып бәріміз,	Оқушылар сабаққа назар аударады.	Мадақтау Жарайсың!, Керемет!	

	Жылылықты сеземіз. Шуақ шашқан күндей боп, Күлімсіреп жүреміз. -Спорт түрлеріне байланысты топқа бөлу. Топқа бөлу. 1-топ: Велосипедшілер 2-топ: Хоккейшілер 3-топ: Шаңғышылар «Үй тапсырмасы» «Қолыңды жу» өлеңін сұрау.	Топқа бөлініп отырады. Өлеңді айтады.	Жақсы! Талпын! Дескриптор: Үй тапсырмасын айтады.	Бағалау фишкала ры
Сабақтың ортасы (5 мин) 10 мин	«Ой қозғау» «Төрт сурет бір сөз» әдісі -Сағат түрлері -Уақыттың бірліктерін атап жіберейікші. -Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау «Бір минутта үлгеремін» ойыны -Бір минутта не істей аламыз? -Бір минутта әріптер жазу 1-тапсырма Мәтін қалай аталады? Ұжымдық жұмыс «Білімді қолдан» әдісі Мәтінді тізбектеп оқыту.	Жар сағаты, құм сағаты, электронды сағат, қол сағаты. (секунд, минут, сағат, тәулік, ай, апта, жыл, ғасыр, мыңжылдық) Сұраққа жауап береді. 1. сурет бойынша әңгімелейді	Дескриптор: 1.Сағат түрлерін айтады. 2.Барлығын бір сөзбен уақыт екенін айтады. 3.Уақыт бірліктерін атайды. Дескриптор: -сурет бойынша	Оқулық 1 – жаттығу 86–бет

	«Серпілген сауал» әдісі -Мәтін кім туралы? -Кім үнемі кешіге беретін? -Әкесі не деп жауап берді? -Оның үнемі кешігетіні дұрыс па? Балалар, шаңғы сөздеріне сұрақ қой. Талқылау сұрақтары: 1.Қыста ойналатын қандай спорт түрі туралы оқыдық? Бейнежазба Ережемен жұмыс. Адамға қатысты сөздерге кім? кімдер? деген сұрақтар қойылады: ұстаз, ата, әже, әке, дәрігерлер. Заттар мен жануарларға қатысты сөздерге не? нелер? деген сұрақтар қойылады: балта, балға, орындықтар, сиыр, қой, бұзаулар.	2.мәтіннің мазмұнын әңгімелейді 3.себебін түсіндіреді 4.бірінші сұраққа жауап береді 5.екінші сұраққа жауап береді 6.берілген сөздерге сұрақ қояды Сұраққа жауап береді Бейнежазбан ы мұқият қарайды.	әңгімелейді -мәтіннің мазмұнын әңгімелейді -берілген сөздерге сұрақ қояды -себебін түсіндіреді -бірінші сұраққа жауап береді -екінші сұраққа жауап береді Дескриптор: Ережені оқиды, жаттайды.	Бейнежазба
10 мин Сергіту сәті 2 минут	2- тапсырма Жеке жұмыс «Көркем жаз» әдісі <i>Жаяу жүру өте пайдалы. Денсаулықты жақсартады. Көңіл күйді көтереді.</i> Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқты гу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.	1. әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазады 2. сөйлемдерді қатесіз жазады Өлеңге сәйкес қимыл	Дескриптор: - әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазады -сөйлемдерді қатесіз жазады Жарайсыңдар! Керемет!	Оқулық 2- жаттығу 87 -бет Дәптер Қалам сап

		жаттығулары н жасайды		
8 мин	3 – тапсырма Тақтамен жұмыс «Ойлан, тап» әдісі Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап жаз. Карточка таңдау арқылы сурет бойынша атауларын тақтаға жазады. 4 – тапсырма Топтық жұмыс 1-топ: Бала- сөзін кімдер? сұрағына жауап беретін сөзге айналдырып сөйлем құрау. 2-топ: Адам- сөзін кімдер? сұрағына жауап беретін сөзге айналдырып дыбыстық талдау жасау. 3-топ: Дос- сөзін кімдер? сұрағына жауап беретін сөзге айналдырып мақал құрау.	1. бірінші сұрақтың жауабын жазады 2.екінші сұрақтың жауабын жазады 3.үшінші сұрақтың жауабын жазады 4.төртінші сұрақтың жауабын жазады Топтық жұмысты орындайд ы.	«Отшашу» арқылы бір- бірін бағалау Дескриптор: -бірінші сұрақтың жауабын жазады -екінші сұрақтың жауабын жазады -үшінші сұрақтың жауабын жазады -төртінші сұрақтың жауабын жазады Дескриптор: 1-топ: Балалар сөзіне сөйлем құрастырады. 2-топ: Адамдар сөзіне дыбыстық талдау жасайды. 3-топ: Дос сөзіне мақал құрастырады.	Саңырау құлақтар Тарат па Қалам сап

Сабақтың соңы	Кері байланыс «Үш сұрақ» әдісі Шаңғы сөзіне қандай сұрақ қоямыз? Адамға қатысты сөздерге қандай сұрақ қоямыз? Жануарларға қатысты сөздерге қандай сұрақ қоямыз?	Сұраққа жауап беріп, қорытынды шығарады	Мадақтау Жарайсың!, Керемет! Жақсы! Талпын!	
Рефлексия 7 мин	«Білім ағашы» әдісі (Бағалау) Бүгінгі сабақты толық түсіндім (жасыл жапырақ) Бүгінгі сабақты түсіндім, сұрағым бар(қызыл, сары жапырақ)	Бүгінгі сабақтан алған білімдерін сабақ бойына орындаған тапсырмасының нәтижесіне қарай стикерлер жапсырады.		«Білім ағашы» суреті

**Химия сабағында оқушылардың функционалдық
сауаттылығын қалыптастыру жолдары**

ТӨЛЕГЕНОВА ӘСЕЛ ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ

*Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы
Егіндібұлақ селосы «ЖББ №5 мектеп» КММ
Химия пәні мұғалімі*

Ұлттық жоспардың мақсаты - Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Мемлекет басшысының айтуына қарағанда, білім беру жастардың сауатын ашып қана қоймай, оны әлеуметтік бейімделу кезінде пайдалануға үйретуі қажет.

Оқушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді.

Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Осыған орай химия, биология, география сабақтарында ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамытуды ескере отырып әр түрлі тапсырмалар берілуі керек.

Химияны оқытудың жаңа әдістемелік жүйесі, мектептерде пәнді оқытып үйретудің тиімді жолдарының бірі оқушылардың іс-әрекеттерін белсендіру мен тиімділігін арттыру, педагогикалық технологиялармен ұштастыра жүргізу жұмысын практикаға енгізу мәселесіне ерекше көңіл аудару қажеттігін көздейді.

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады. Ол қарапайым оқу, жазу, санау біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді де қамтиды.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Химия сабағында оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру қажет. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады. Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарлауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушысы болуы тиіс.

Оқушылардың жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылықтарын дамытудың бірден-бір жолы ол- жаратылыстану пәндерін кіріктіре оқыту және оқушыға берілетін тапсырмаларды өмірмен байланыстыра, жағдаяттарға бағыттап дайындау болып табылады.

Мен өз тәжірибемнен бөлісетін болсам, сабақ үрдісінде оқушылардың алған білім, дағды, біліктерін жаңа жағдаятта қолдана алуына жағдай жасауға тырысамын. Ол үшін оқытудың жаңа технологияларын, атап айтсам, Кембридж тәсілі, сын тұрғысынан ойлау технологияларын пайдалана отыра сабақ өткіземін.

Оқушылардың функционалдық сауаттықтарын дамыту мақсатында 9-сынып оқушыларын арасында сабақты әр пәнмен кіріктіре оқытқан өте тиімді деп санаймын. Сабақ құрылымын жоспарлауда оқушыларға топқа бөле отырып, оларды «тарихшылар», «географтар не геологтар», «биологтар», «әдебиетшілер не лириктер» «химиктер» деп бөліп оқыту кезінде оқушылардың оқу сауаттылығы, жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылықтарының дамуына зор ықпалын тигізеді.

«Металдар» тақырыбындағы сабағымнан мысал келтіретін болсам: «тарихшылар»- Жеті металды жаратқан, жеті ғаламшарға тең қылып деп алғашқы жеті металдар жайлы, олардың тұрмыстағы, өмірдегі маңыздылығы жайлы айтып кетеді. Сонымен қатар, темір дәуірі, мыс дәуірі және қола дәуіріндегі металдардың ролі туралы айта отыра, оқушыларға: өткен ғасырларда металдардың ролі өте маңызды болған. Бірақ қазіргі жоғарғы технологияның даму ғасырында пластмасса және полимер басымдылық көрсетті. Сонда металдар өз маңыздылығын жойды деп айтуға болады ма? деген сұрақты қоя отыра, орта шеңберінде өзінің білім қорын сыни тұрғыдан ойластыруға қабілетті оқушы тұлғасын қалыптастыру арқылы оны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

«Биологтар»-Назар аударыңыз! Адам ағзасындағы металдар алмастыруға келмейтін маңыздылығы зор элементтер деп адам ағзасындағы металдар жайлы мәліметтер жинақтайды. Ия, шынымен, металсыз өмір жоқ екен. Олар ағзаның физикалық қалпына жауап береді. Ал бірақ, олар жанның тыныштығына жауап бере ала ма? Металдар біздің өмірімізде кеңінен таралған және көп мөлшерде қажет етеміз. Ал олар табиғатта қайда және қандай түрде кездеседі? а) Қазақстанның физикалық картасымен жұмыс және б) металдар және олардың табиғаттағы қосылыстары демонстрациялық көрсетілім.

Металдар бос күйінде тіптен аз кездеседі. Сондықтан, металдарға үлкен сұраныс болғандықтан, оларды алу мәселесі туындайды. Бұл мәселені қалай шешуге болады? Бұл сұраққа «химиктер»: Бұл мәселені бұрынғы заман адамдары да шеше білген. Бірақ, химия- металдарды және олардың құймаларын өндірістік алу жолы-металлургияның дамуына бастау болды.

Жалпы, жаратылыстану пәндерін оқытуда сабақ құрылымын Блум таксономиясына сәйкестендіріп жасай отыра өткізілген сабақ барысында оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алу, ізденушілік, ойлау қабілеттері артып, сабақ үрдісінде алған білімдерін өмірмен байланыстыра алады. Соның мысалы ретінде 9-сыныптағы «Күкірт және оның қосылыстары» тақырыбындағы сабақ үлгісін ұсынамын: сабақты бастамас бұрын, оқушылардың психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында «айна» тренингісін жүргіздім. Содан соң жана сабақтың тақырыбын ашып алғаннан соң, «білу» - күкірт және оның қосылыстары жайлы электрондық оқулықпен жұмыс жасадық. «түсіну» сатысы- әр жұпка нұсқау картасы бойынша тапсырмалар береді, яғни, «экскурсоводтар», «тарихшылар», «геологтар», «физиктер», «химиктер» «практиктер» және биологтар өздеріне тиісті тапсырмамен жұмыс жасайды да сынып алдында сол жұмыстарын қорғайды. «Қолдану»- деңгейлік тапсырмалар таратылады.

«Талдау» сатысы-“Күкірт және оның қосылыстары” тақырыбына Sinkuein немесе Бес жолды өлеңді құрудың ережесі мынадай:

1. Зат есім: Не? (Күкірт)
2. Сын есім: Қандай? (сары)
3. Етістік: Не істейді? (күйдіреді, бүлдіреді, улайды, емдейді)
- 4 сөзден тұратын сөйлем, яғни ойды түйіндеу,
5. 1 синоним сөз (бейметалл).

«Жинақтау»- Аяқталмаған тезис:Күкірт түсті, оның аллотропиялық түр өзгерістері бар.Күкіртқолданылады.Күкірт тотығу дәрежелерін көрсетеді. Күкірт бос күйіндеКүкіртсутектен иісі шығады. Табиғатта атқылағанда кездеседі. Онымен тыныс алғанда ол қанға сіңіп,байланысып, қанның түсі..... Ауада жанады. Күкіртсутек қолданылады.

«Бағалау»Күкірттің пайдасы мен зияны, “бүлдіргіш ерекшеліктері”яғни, «қышқыл жаңбыр» жайлы шағын эссе жазу.

Қорыта келгенде айтарым, оқушылардың құзіреттіліктерін дамытуға бағытталған тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын арттырудың бірдін –бір жолы. Оқушының тек теориялық білім алып қана қоймай, сол алған білімдерін практикада, өмірде қолдана білуі қазіргі таңдағы оқытудың бір маңызды бөлігі болып табылады.

Оқушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі олардың функционалдық сауаттылығы дамуының нәтижесін береді.

Посылка из страны Дисней

БАДАЕВА ГУЛЬЖАН ДЖОЛДАСБЕКОВНА
Туркестанская область, г.Туркестан
КГУ начальная школа-сад №31
Воспитатель

Сценарий новогоднего утренника «Посылка из страны Дисней» *Вход детей. (Под музыку дети вбегают галопом, держась за руки в хоровод и танцуют вокруг ёлки)*

Ведущий :Ждали праздника мы долго

Наконец пришла зима.

В гости к нам явилась ёлка!

С Новым годом, детвора!

Ведущий: Чудо-ёлочка стоит,Но огнями не горит.Что же делать?.Говорят, под Новый год,Что ни пожелается,Всё всегда произойдет,Всё всегда сбывается.По волшебному путиСказка может к нам прийти.

Музыка. Входит Снегурочка

Снегурочка: Здравствуйте, мои друзья!Очень рада встрече я!Я к вам пришла из сказки зимней.Я вся из снега, серебра.Мои друзья — мороз и иней.Я всех люблю, ко всем добра.Чтобы праздник наш был краше,Пусть все улыбаются,Пусть огни на елке нашейЯрко загораются!

Ведущий: Дети, посмотрите, а что это под ёлочкой лежит?

(Поднимает звездочки и подносит его Снегурочке.)

Кто к нам в гости приходил?

Кто здесь звездочки забыл? (Снегурочка берёт в руки звездочки.)

Снегурочка. Нам его сюда принёс

Добрый Дедушка Мороз.

Дед Мороз звездочки

Детям подарил

Поплясать у ёлочки

Деток пригласил.

Осветить путь дорожку ему- он попросил.

(Девочки исполняют пляску со звездочками, затем зажигают елочку.)

Танец «Звездочки»Дед Мороз: Слышу-слышу! Здравствуйте, друзья!С Новым годом поздравляю,

Всем здоровья вам желаю! Вот я к вам пришёл опять, Будем песни петь, плясать! Ну-ка, маленький народ, Становитесь в хоровод! **«Ну-ка, елка, раз, два, три — Светом радости гори!»**

Ведущий. Наша ёлочка стала ещё краше.

Становитесь, дети, в круг,
Ты мой друг и я твой друг!

Песня «елочка – елка» Дед Мороз: Вы поете хорошо, В зале вашем так тепло Но не слышу я стихов? Кто стихи прочесть готов?

Ведущий: А теперь мы отдохнём, Стихи для дедушки прочтём.

Дед Мороз: Хорошо умеют дети Песни петь, стихи читать. Я готов для вас, ребята, Все желанья исполнять!

Хоровод с Дедом морозом. Снегурочка: Вы любите мультфильмы? Нам с Дедом Морозом пришла **посылка из страны «Дисней»** волшебный сундучок. Здесь есть записка:

«Ручками похлопайте, ножками потопайте.
А потом глаза закрой, Придёт сказочный герой»
Попробуем? Сначала загляну в посылку:
Что мне в руку попадёт, (достаёт бубен)
Что за гость сюда придёт? (**Микки Маус**)
Гость из мультфильма к нам явись! (хлопает, топает)

Музыка. Входит Микки Маус. Микки Маус я, друзья, Очень рад вас видеть я! Конфетти, шары и шишки, Белых хлопьев хоровод! Новым год! Новым год! Пусть он счастье принесет! **Микки Маус:** Парами теперь вставайте, Со мной пляску начинайте!

Танец «Новогодних друзей»

Микки Маус: дружно в круг скорей вставайте, С бубенцами поиграйте.

Игра «Веселые бубенцы» Микки Маус: Хорошо повеселился, С вами крепко подружился! В свой мультфильм опять пойду, В новом встретимся году! (уходит)

Ведущий. А мы продолжим колдовать. Кого ещё нам в гости ждать? Что мне в руку попадёт, (достаёт мешочки) Что за гость сюда придёт? (**Смурфик.**) Гость из мультфильма к нам явись! (хлопает, топает)

Музыка. Входит Смурфик. Здравствуйте, ребята! Здравствуй, детский сад! И гостей сегодня я поздравить рад! Пожелаю вам

здоровьяИ большого счастья вам,Все, что хочется сегодняИ большим и малышам!Так пускай же в хороводеВаши голоса звенят!В этот праздник новогоднийРадостно глаза блестят!

Смурфик.: А теперь, я детвору. Приглашаю на игру!В нашей стране Дисней нет Деда Мороза. К нам на Новый год приходит Санта Клаус. А помогают готовить мешки с подарками его помощники – эльфы. Сейчас вы будете этими помощниками.

Игра-эстафета «Помощники Санты»(собираем игрушки в мешки прыгая по следочкам)

Смурфик :ай-да молодцы! Маленькие эльфы, быстро собрали игрушки в мешок. Поскорее выходите. И свой танец покажите.

Танец «Веселые эльфы»Смурфик. А теперь я попрощаюсь, в свой мультфильм я возвращаюсь! До свидания!
(уходит)**Дедушка Мороз:** Петь и танцевать, вы умеете, а стихи про меня вы знаете?**Ведущий:** Дед Мороз! А теперь с нами играй и за нами повторяй.

Игра «Веселые ложки»Дед Мороз: Ребята, а вы холода не боитесь? И мороза не боитесь? А сейчас мы, малыши,покатаемся на саночках.

Игра «Саночки»Дедушка Мороз:Приглашаю всех гостей,Дорогих моих друзей:Станем все в хоровод,Встретим песней Новый год!

Песня «В декабре, в декабре...»Хороводный танец.Ведущий:Были песни, игры, пляскиПобывали все мы в сказкеМожно нам задать вопрос?Где подарки, Дед Мороз?

Дед Мороз:Про подарки не забыл.Я их отправил по почте.Дома под елочкой ждут ваши подарки.

Снегурочка:Пора, друзья, проститься нужно,Всех поздравляю от души,Пусть Новый год встречают дружнойИ взрослые, и малыши.

Дед Мороз:Я в Новом году вам желаю успехаПобольше веселого, звонкого смехаПобольше веселых друзей и подруг,Чтоб с вами все вместе смеялись вокруг!**Вместе:** Счастливого вам Нового года!

Ведущая: Будьте все здоровы!
Пусть вас счастье ждет!
Пусть веселым, радостным
Будет Новый год!

МАЗМҰНЫ

- КОДАРОВА ШОЛПАН КАЛИЕВНА
- КАМАЛОВА МАРЖАН КОБЕНОВНА
- ТӨЛЕГЕНОВА ӘСЕЛ ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ
- БАДАЕВА ГУЛЬЖАН ДЖОЛДАСБЕКОВНА